

Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Құрман орта мектебінің

2022-2023 оқу жылындағы «Сахна таланттары» театр үйірмесінің жұмысына талдау

Жылдық жүктемесі- 0,5

Үйірменің мақсаты:

- Мектеп қабырғасында білім алып жатқан оқушылардың арасынан шығармашылыққа бейімдеу, дарынды оқушыларды іріктеу, талантын ұштау, ой-өрісін дамытып, актерлік шеберліктерін қалыптастыру.
- Белгілі драматург жазушылардың шығармашылығымен сусындатып, рухани дүниесін байыту, сөйлеу мәдениетін, қиялын ұштап, ойын көркемдеу.
- Көркем әдебиетке, өлең-сөзге деген қызығушылығын оятып, болашағына бағыт-бағдар беру.
- Үйірме мүшелерінің шығармашылыққа деген көзқарасын қалыптастыру.
- Сахна шеберлігін шыңдап, актерлік қабілетін дамыту.

Үйірменің міндеті:

- әдебиетті өнер табиғатына сай оқи білуге, мән – мағынасын терең түсінуге мүмкіндік туғызу;
- көркем әдебиетті оқуға деген қызығушылығын ояту;
- жеке тұлғаның эмоциялық мәдениетін қалыптастыру;
- актерлік шеберлігін қалыптастыру, дамыту.

Құрман орта мектебінде 2022-2023 оқу жылында «Сахна таланттары» атты драма үйірмесі жаңа жұмыс жоспарын, жаңа оқушылар құрамын толықтырып, жұмыс кестесін бекітті. Жалпы сағат саны -308. Жоспар бойынша жұмыстар атқарылды. Үйірме аптасына екі рет 8сағат. Сәрсенбі,Бейсенбі күндері 2 сағат үлкен топқа (154сағат), екі сағат кіші (154сағат) топқа болады. Оқушылар саны-26

№	Өткізілетін күні	Уақыты		Жауапты
1	Сейсенбі	Кіші топ 14.00-14.45 14.55-15.40	Үлкен топ 15.50 -16.35 16.40-17.25	Аманғалиева А
2	Сенбі	Кіші топ 14.00-14.45 14.55-15.40	Үлкен топ 15.50 -16.35 16.40-17.25	Аманғалиева А

Үйірме мүшелері мектепшілік шараларға белсенділікпен қатысып жүр.



“Сыбайлас жемқорлық – індет, оны жою – міндет!!!” тақырыбы бойынша оқушылар көрініс ұйымдастырды. Мақсаты: оқушыларды жемқорлық індетінен аулақ болу, адалдыққа тәрбиелеу, жемқорлық ұғымын саналарына жеткізу;

Үйірме оқушыларының үйірмеге қатысуы жоғары деңгейде, қызығушылықтары артуда. Жоспар бойынша бекітілген тақырыптар бойынша оқушыларға түсінік беріледі, жоспар бойынша берілген шығармаларға сахналық қойылымдар қойылады. Жоспардан тыс мектепшілік іс-шараларға да белсене қатысады. 17 қараша күні Дүниежүзілік балаларды қорғау күніне орай ұйымдастырылған ақылы үйірме мүшелерінің «Біз бақытты баламыз» атты облыстық қатынас қағаз негізінде ақылы үйірмелердің қатысуымен іс-шара жоғары деңгейде өткізілді. Оқушылар «Жетім қыздың монологы», «Соқыр ана», «Қуыршақ», «Үш көбелек» қойылымдарын сахналады.



3. Ұлттық құндылықтарымызды, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерді дәріптеу мақсатында қйылған қойылым сәті.



Сонымен қатар, үйірме қатысушылары «Айгөлек» бөбекжай балабақшасының тәрбиеленушілеріне «Мақта қыз бен мысық», «Бауырсақ» ертегілері қойылымын қойып берді.



«Ақтөбе-Дарын» өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығының Республикалық «Театрдың ғажайып әлемі» атты театр өнері фестиваль-байқауының облыстық кезеңіне «Жетім қыздың монологы» атты қойылым сахналадық. Оқушыларға СЕРТИФИКАТ берілді. Сонымен қатар, үйірме оқушылары Республикалық «Мақатаев оқулары» байқауына қатысып, Жүлделі I, II дәрежелі дипломдармен: Хамит Айдана, Дулатқызы Ақмарал, Есқазина Аруай, Өтеміс Нұрзат, Орынбасаров Бекасыл, Кенжеғалиев Бағдат марапатталды. Оқушылар дайындағаным үшін «Алғыс Хат» хатпен марапатталдым.

Үйірме жетекшісі: Аманғалиева Ақмарал Мұратқызы

2022-2023 оқу жылы

